

Е.Қ. Сейтқазы \* , А.А. Мәуленов 

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: erke\_kaznu@mail.ru

## ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МИФТІК ОБРАЗДАР

Мақалада халық ақыны Жамбыл Жабаевтың шығармаларының поэтикалық ерекшеліктері сараланып, мифологиялық талдаулар жасалынған. Ақынның тілдік қолданысындағы мифтік ұғымдағы сөздер жүйеленіп, түсіндірмелері берілген.

Қазақ әдебиеті тарихында ақындық өнерімен елеулі мұра қалдырған ақындардың бірі – Жамбыл Жабаев. Ақын шығармашылығының көркемдігі, өлеңдеріндегі патриотизм әдебиеттану, фольклортануда бүгінге дейін зерттеліп келе жатыр. Дегенмен ақын шығармашылығындағы мифологиялық сарын толық ашыла қоймады. Жамбыл Жабаев шығармаларындағы мифтік бейнелер поэтикалық түстерінің байлығы, салыстырулар мен метафоралынып келуімен ерекшеленіп, халық арасындағы мифологиялық сананы тереңдетіп отырады.

Оның жырларындағы әрбір образ – ауыз әдебиетіміздің қайнары, халық арманы мен қиялынан туған ортақ мүдде. Сол себепті, оның әр шығармасын тереңінен зерттеп, әрбір құбылысқа мән беріп отыруымыз қажет.

Бүгінгі таңда көптеген ғалымдардың еңбектері ауыз әдебиетінің жекелеген аспектілерін, мифтік ескерткіштердің табиғатын зерттеуге арналған. Әдебиеттанушылармен фольклористермен қатар оларға философтар, лингвистер, тарихшылар, археологтар, этнографтар және басқа да гуманитарлық ғылымдардың өкілдері жүгінеді. Алайда, осы уақытқа дейін Жамбыл шығармашылығындағы мифтік ескерткіштердің мотивтерін бейнелеу туралы монографиялық зерттеу жоқ. Мақалада Жамбыл Жабаев шығармашылығының негізгі қайнар көзі ретінде халықтық поэзия алынып, ақынның дәстүрді жалғастырудағы өзіндік қырлары айқындалған.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі мифтік ұғымдарға деген қызығушылық оның қалыптасу тенденцияларының тарихына ғана емес, сонымен бірге ұлттық сананың рухани дамуына тигізген орасан зор әсерімен де анықталады. Біздің ойымызша, Жамбыл Жабаев шығармаларындағы мифтік образдарды анықтау мәселесі, мифтік образдардың әрбір ғасырдағы танымдық сипатын егжей-тегжейлі зерттеу үшін маңызды тақырып болып табылады. Бұл осы жұмыстың өзектілігін анықтайды.

**Түйін сөздер:** жыр, миф, образ, мифология, ұғым, әдебиет, фольклор, дүниетаным, мифологиялық сана.

Y.K. Seitkazy\*, A.A. Maulenov

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: erke\_kaznu@mail.ru

### Mythical images in the works of Zhambyl Zhabaev

The article analyzes the poetic features of the works of the national poet Zhambyl Zhabaev, a mythological analysis is carried out. One of the poets who left a significant legacy in the history of Kazakh literature with his poetic art is Zhambyl Zhabayev. The artistry of the poet's work, patriotism in his poems are still studied in literary studies, folklore studies. However, the mythological motif in the poet's work has not been fully revealed. Mythical images in the works of Zhambyl Zhabaev are distinguished by the richness of poetic colors, juxtaposition and metaphoricity, deepen the mythological consciousness of the people.

Each image in his poems is a source of oral literature, a common interest born of a folk dream and fantasy. Therefore, it is necessary to study each of his works in depth, to attach importance to each phenomenon.

Currently, the works of many scientists are devoted to the study of certain aspects of oral literature, the nature of mythical monuments. However, there is still no monographic study on the depiction of the motifs of mythical monuments in the works of Zhambyl. In the article, folk poetry is taken as the main source of Zhambyl Zhabayev's creativity, the specific features of the poet in the continuation of the tradition are determined.

The interest in mythical concepts in Kazakh oral literature is determined not only by the historicity of the tendencies of its formation, but also by the enormous influence on the spiritual development

of national consciousness. In our opinion, the problem of identifying mythical images in the works of Zhambyl Zhabaev is an important topic for a detailed study of the cognitive nature of mythical images of each century. This determines the relevance of this work.

**Key words:** poem, myth, image, mythology, concept, literature, folklore, worldview, mythological consciousness.

Е.К. Сейтказы\*, А.А. Мауленов

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: erke\_kaznu@mail.ru

### Мифические образы в произведениях Жамбыла Жабаева

В статье проанализированы поэтические особенности произведений народного поэта Жамбыла Жабаева, проведен мифологический анализ. Мифические слова в языковом употреблении поэта систематизированы, даны пояснения.

Одним из поэтов, оставивших значительное наследие в истории казахской литературы своим поэтическим искусством, является Жамбыл Жабаев. Художественность творчества поэта, патриотизм в его стихах до сих пор изучаются в литературоведении, фольклористике. Однако мифологический мотив в творчестве поэта не раскрылся полностью. Мифические образы в произведениях Жамбыла Жабаева отличаются богатством поэтических красок, сопоставлением и метафоричностью, углубляют мифологическое сознание народа.

Каждый образ в его стихах-источник устной литературы, общий интерес, рожденный народной мечтой и фантазией. Поэтому необходимо углубленно изучать каждое его произведение, придавать значение каждому явлению.

В настоящее время труды многих ученых посвящены изучению отдельных аспектов устной литературы, природы мифических памятников. Наряду с литературоведами и фольклористами к ним обращаются философы, лингвисты, историки, археологи, этнографы и представители других гуманитарных наук. Однако до сих пор нет монографического исследования по изображению мотивов мифических памятников в творчестве Джамбула. В статье в качестве основного источника творчества Жамбыла Жабаева взята народная поэзия, определены специфические черты поэта в продолжении традиции.

Интерес к мифическим понятиям в казахской устной литературе определяется не только историчностью тенденций его формирования, но и огромным влиянием на духовное развитие национального сознания. На наш взгляд, проблема выявления мифических образов в произведениях Джамбула Жабаева является важной темой для детального изучения познавательного характера мифических образов каждого века. Это определяет актуальность данной работы.

**Ключевые слова:** поэма, миф, образ, мифология, понятие, литература, фольклор, мировоззрение, мифологическое сознание.

### Кіріспе

Қазақ халқының рухани мәдениеті тым ертеден бастау алғаны белгілі. Оны түсіну үшін бастапқы дереккөздерді, эпикалық әдебиеттерді, оның мәнін ашатын көне ескерткіштерді зерттеу қажет.

Сол себепті қазақ әдебиетіндегі мифтік дәстүрлерді анықтау – күрделі міндеттердің бірі. Олардың тамыры мен табиғатын әдебиетіміздің, мәдениетіміздің қойнауынан іздеу керек.

Мифтік мотивтер негізінен фольклор жанрларында байқалады. Мысалы ертегілерде, эпостарда, аңыздарда, жұмбақтар мен мақал-мәтелдерде мифтік бейнелердің тікелей немесе жанама көрінісін жиі кездестіруге болады. Сонымен қатар мұндай фольклор жанрларының жанрлық ерекшелігі – мифологиялық принципке негізделеді.

Қазақ әдебиетінде миф басқа да маңызды функцияларды орындай отырып, іргелі категория ретінде әрекет етеді. Сол себепті, мифологиялық ұғымдардың әдебиеттегі көрінісін әдеби материалға негіздей отырып талдау бүгінгі күні ерекше өзекті болып отыр, өйткені ол әлеуметтік ортамен және табиғатпен тепе-тең өмір сүру идеологиясының генезисі мен негізгі схемаларын, әртүрлі әлеуметтік қайшылықтарды жеңу модельдерін тереңірек аша алады.

Мифке жүгіну тек ғасырлар мен мыңжылдықтардың басындағы жағдайдан және онымен байланысты апокалиптикалық көңіл-күйден ғана емес, сонымен қатар кейбір бейнелер мен атаулар мифологияланатын белгілерге айналатын мәдениеттің дамуынан туындайды. Сонымен қатар, бұл олармен терең танысу арқылы мәдениетпен байланысты дамиды. Дүниета-

нымның тәсілі ретінде түсінілген көркем шығармалардың құрылымын және олардың мазмұнын қалыптастырады. Миф ол көрген барлық нәрсені архетипке, мифологемаға, жаңа мифке айналдырады.

Әдебиеттегі классикалық миф «фрагменттер» түрінде жұмыс істейтіндіктен, мифтің тіршілік ету формаларын, эволюциясы мен өзгеруін бақылау үшін поэтиканың образдар мен мотив сынды элементтерін талдау тиімді.

Осылайша, әдеби мифологиялық бейнені анықтауда біз оның объективті (халық эпосында ұсынылған) және мифтің субъективті (кейіпкердің субъективті көңіл-күйін бейнелеу үшін) құрылымынан, сондай-ақ мифтің субъективті-объективті құрылымынан туындайтын таза эстетикалық функциясын қарастырамыз. Мұндай функцияларды белгілі ғалым Лосев рационалистік модельдер негізінде және рационализмге қарама-қарсы, тұрмыстық және натуралистік модельдерге негізделген, индивидуализм, морализм, әлеуметтік-тарихи принцип және космологиялық жалпылау негізінде жіктеп қарастырады. Ғалым поэтикалық мәтіндер мысалында символдық-мифологиялық ауызша кескіндемені бөлек сипаттайды (Лосев, 1982).

Шлегельдің пікірінше, мифология негізінде дін, өнер және ғылым синтезіне қол жеткізуге және жеке тұлғаны үйлестіруге қол жеткізуге болады, өйткені мифология тарихты, ауызша аңыздарды, символизмді және ерікті түрде қосылған поэтикалық фантастиканы байланыстыруда ерекше қасиетке ие. Сонымен қатар, ол ақылдан алшақ болмыстың тұтастығын сақтай алады (Шлегель, 1983:47)

Бұл қабілет мифологияның тек біліммен ғана емес, сеніммен, махаббатпен және қиялмен де сіңген болмыстың символдық көрінісі болуынан туындайды. Ол адамның табиғатпен, жердегі мәңгілікпен жоғалған бірлігін жандандыра алады. Миф жасаудың рухани әлеуетін қолдана отырып, поэзияға жаңа өмір сыйлауға болады (Новалис, 1934:23).

Е.М.Мелетинский сипаттаған ережелерге сәйкес, шындықтың мифологиялық моделі әмбебап хронотоппен, архетиптерді жүзеге асырумен, әмбебаптың белгілі бір сезімталдықпен сәйкес келуімен, нәтижесінде сиқырлы күштердің даралануы орын алатын, сонымен қатар хаостың ғарышқа айналу тенденциясымен сипатталады. Қоршаған ортаны үйлестірудің кез-келген әрекеті адамның мифологиялық ойлауының салдары ретінде қарастырылуы мүмкін [Мелетинский, 2012:7).

Әлемнің мифологиялық көрінісінің аталған ерекшеліктері әдебиеттегі мифологиялық бейненің негізгі рөлін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Ол қазіргі әлемнің кеңістігінде архетиптік мотивтер мен жағдайларды анықтаудан және олардың функционалдылығының жолдарын ұсынудан тұрады. Қолданыстағы мифологемалар шеңберінде әлемнің көп қырлы бейнесін құру, жаһандық мәселелерді шешу және жалпы-адамзаттық құндылықтарды сақтау жолдарын ұсыну, әлемдік тәртіптің көрнекі үлгісін және қоғамның ұйымдасқан моделін құру мақсатында қоршаған әлемнің абстрактілі категорияларын егжей-тегжейлі көрсету, стереотиптік ойлаудың пайда болуы мен дамуына ықпал ететін адамдардың қалыптасқан мінез-құлқы ретінде рәсімді ұсыну автордың қиялында ғана емес, нақты шындықта да орын алады. Мифологиялық, әдеби-аллюзивті материал заманауи шындықпен шебер үйлеседі, нәтижесінде шығармада мифологиялық бейнелер пайда болады.

Е.М.Мелетинский «Миф поэтикасы» кітабында ежелден әдебиетте ежелгі мифологияның бейнелері мен мотивтерімен бірге поэтикалық бейненің арсеналы, сюжеттердің қайнар көзі, өнердің формальды тілі болып табылатындығын атап көрсетеді (Мелетинский, 2012:11)

В.Руднев «XX ғасыр мәдениеті» сөздігінде «мифологиялық сананы» символизмнен бастап постмодернизмге дейінгі XX ғасырдың мәдени менталитетінің негізгі бағыттарының бірі ретінде анықтайды, ал интертекстуалдылық мифологиялық сананың категориялық ерекшелігі ретінде пайда болатындығын көрсетеді. Сонымен қатар мифологиялық мәтіннің өзі сюжетті бөлектейтін миф ретінде әрекет ете алмайды, бірақ тарихи дәстүрлер, тұрмыстық мифология, өткен жылдардағы тарихи-мәдени шындық, өткеннің белгілі және белгісіз көркем мәтіндері, кейбір мәтінге жобаланбаған, бірақ мифологиялық ойлаудың жалпы заңдылықтарын қалпына келтіретін өзіндік мифологияны құру мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды (Руднев, 1999:60).

XX ғасыр философы және мифолог-теоретик Г.Блюменберг зерттеулерінде де мифтің психоанализдік тұрғыдан талдануы ғылыми зерттеулер үшін маңызды рөл атқарады. Ғалымның пікірінше, миф тек ойлау арқылы жетілетін құбылыс емес. Яғни, мифтер логикада көрініс таба алмайды. Өйткені, адам мен қоғар арасындағы символдық байланыс толық межесіне жете қоймаған. Ғалым, тілдің шындықты толық көрсете алмайтындығын мысалға келтіре оты-

рып, тілдің шындықтың күрделілігін сақтауға қызмет ететіндігіне дәлелдер келтірген. Бұл тұжырымға сүйенер болсақ, тіл белгілі бір дәрежеде мифологиялық, белгіді бір дәрежеде метафоралық сипатты сақтайды (Blumenber, 1990:12).

Сонымен қатар, бірқатар зерттеулерде мифологияның негізгі кодталуы мифтер арқылы беріледі деген тұжырымдар келтіріледі. Мысалы, алғашқы қауымдағы мифтік психологияны Леви-Брюль «ұжымдық идеялар» ұғымы арқылы жеткізсе, салыстырмалы дінтануда бұл мифтерді Хуберт пен Мосс «қиял категориялары» деп анықтады. Адольф Бастианның зерттеулерінде бұл «бастапқы ойлар» және «қарапайым идеялар» деп аталады.

Миф тек қана мифологияның емес, психологияның, символиканың да категориясы ретінде зерттеледі. Бұл жайында іргелі еңбектердің авторы Е.М. Мелетинский өз зерттеулерінде З. Фрейд, О. Ранк, Э. Нейман, Ш. Бодуэн, Дж. Кэмбелла, Ж. Дюран сынды ғалымдарға сілтеме жасайды (Мелетинский, 2012:11). Сондай – ақ, Германияның менталисттік мектебі мен АҚШ-тағы Жаңа сын мектебі әдебиеттегі ежелгі мифтердің прасимволдарының ретроспективті көрінуі тұрғысынан зерттеулер жүргізген. Э. Нэйманның «Сананың шығу тегі және тарихы» атты еңбегінде мифтер – *трансперсональды доминанттар* деп көрсетілген. Ж. Дюран «Қиялдың антропологиялық құрылымдары» еңбегіндегі зерттеулері бойынша, алғашқы құрылымдық схеманың әсерлерінен символдардың – сөзге, мотивтердің – *идеяларға* айналатындығы дәлелденген. Осылайша символдар, мотивтер және схемалардың динамикасы қоғамдық сананың жүйелі моделін айқындайды.

Мақалада символикалық интерпретациялардың көркем сөз мәтінінде берілуін негізге ала отырып талдаулар жасаудың өзектілігі жоғары. Өйткені, символикалық интерпретация туындының мәнін ішінен емес, шығармадан тыс, онда қолданылған образдардың бастапқы мағынасы арқылы бере алады. Жалпы өнер туындысы адамзаттың күшімен жасалған үлкен мифтің негізгі контексті ретінде қарастырылады, онда психоаналитикалық мифтік бейнелерге негізделген санаулы ғана шешуші әрекеттер сансыз нұсқада ұсыныла алады (Raglan, 1956:290).

Нортроп Фрай мифология мен жүйені, миф және құрылымды біріктіре отырып, әдебиет тарихына жаңаша көзқараспен қарау керектігін ұсынды. Оның пікірінше, әдебиет – бұл алғашқы қауым мәдениетінен табуға болатын са-

лыстырмалы түрде шектеулі және қарапайым формулалардың біте қайнауы. Біз оған қайта-қайта орала беретініміздің себебі: әдебиет – бейсаналық ілкітип процестеріне байланған типологиялық кері байланыс жүйесі. Әдеби мотив, сюжет немесе әрекет мифпен анықталады. Н. Фрай өнердің негізгі бес поэтикалық режимін анықтады:

- миф, романсеро (аңыз, ертегі, аңыз әңгіме);
- жоғары еліктеу формасы (эпос, трагедия);
- төмен еліктеу формасы (комедия, реалистік проза);
- ирониялық поэзия.

Ол тіпті бүкіл көркем шығарманың «орталық мифін» анықтайды. «Орталық миф» – кейіпкердің шытырманға толы саяхатқа аттану туралы аңыз. Ол табиғи циклдармен және «Алтын ғасырды аңсау» туралы арманмен тікелей байланысты. Әдебиет тарихы архетиптерді зерттеу тұрғысынан келгенде «әдеби антропологияға» айналады: әдеби шығармалар шарттарға, шарттар жанрға, жанрлар алғашқы үлгіге, яғни архетиптерге иек артты (Frye, 1990:28)

Мод Бодкин «ұжымдық-мифологиялық» рух ұғымының негізінде психологиялық-әдебиеттік типология құру үшін әрекет жасады. Ол өткен ғасырдың 30-шы жылдары поэзиядағы архетиптік модельдерді ұжымдық дәстүр мен жеке өмірдің белгілері ретінде түсіндіруге талпыныс жасады. Оның типологиясына Батыстың көптеген зерттеушілері сүйенді.

Функционалды этнологияның негізгі идеологтарының бірі Б.Малиновскийдің пікіріне сүйенер болсақ, миф наным-сенімді білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар моральдық принциптерді айқындайды. Мифтік бейнелер арқылы адамзат өркениетіне қажетті ережелерді тәжірибеге енгізуге болады.

Сонымен қатар, ғалым дәстүрлі қоғамдағы мифтің практикалық функцияларына баса назар аударады. Бұл мифтік нанымды қабылдау, мифтік бейнелер, мифтік кейіпкерлер жөнідегі білімнің дамуы қоғам үшін маңызды рөлге ие бола алатындығын байқатады, өйткені ол тұрақтылықты принциптер межесіндегі қамтамасыз ете алады (Малиновский, 1992:33)

Сонымен, мәдениет үшін де миф өте белсенді функцияны орындайды:

- сенімді нығайтады;
- моральдық принциптерді тудырады;
- адамға басшылық ететін практикалық ережелерді қамтиды.

Осылайша, миф адамзат өркениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл тек ертегі немесе аңыз ғана емес, белсенді әрекет ететін күш, интеллектуалды түсініктеме бола алады. Бірқатар ғалымдар мифтік бейнелердің қызметін сенім мен адамгершілік даналықтың прагматикалық жарғысы ретінде таниды (Meerkur, 2005:290).

Сонымен бірге, мифологизмнің маңызды сапасы – мифке енгізілген ақпаратты кодификациялау. Оның мәдени, моральдық-этикалық, қолданбалы маңызы бар.

Соңғы онжылдықтарда мифологияны әр түрлі өнер түрлерінде, атап айтқанда әдебиетте заманауи көркемдік формаларды модельдейтін алғашқы мәтін ретінде зерттеу мәселесі ерекше сипатқа ие болды. Мифтің қаақ әдебиетіндегі көрініс табуын зерделеу ұлттық бірегейлігімізбен басқа да халықтардың мәдени ерекшеліктерінің өзекті процестеріне байланысты сұранысқа ие.

Бұл мәселені зерттеуге арналған көптеген жұмыстардың, монографиялардың және мақалалардың пайда болуына қарамастан, әлі күнге дейін осы тұрғыда жүйеленбеген үлкен көркем материалдар бар.

Жамбыл шығармашылығындағы мифтік образдардың ежелгі түркі дереккөздерімен байланысын жүйелі түрде зерттеу, олардан ұқсас мотивтерді іздеу, ортақтықты анықтау және олардың арасындағы ұқсастықтарды анықтау арқылы қойылған сұрақтарға жауап табуға болады. Мифтерге назар аударатын отырып, біз халықтың өмір сүру сипатын, оның дүниетанымын анықтай аламыз. Өйткені мифология әдебиет үшін берік және құнарлы іргетас ретінде әрекет етеді. Мифтер барлық халықтың ауыз әдебиетіне тән. Мифтік шығармаларда ежелгі халықтың қоршаған орта, шексіз ғалам, тарих, жақсылық пен зұлымдық ұғымдары, өмір мен өлім туралы идеялары бейнеленеді. Сондықтан мифологиялық ескерткіштер қай ғасырда зерттелсе де өзектілігін жоғалтпайды.

### Әдебиетке шолу

Халық ақыны Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы қазақ әдебиетінің тарихы үшін үлкен маңызға ие.

Жамбыл – өмірімен, өлеңдерімен екі ғасырды байланыстырып тұрған ұлы жырау. Ақынның ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі шығармашылығы туралы деректер аз, кең көлемді жырлары мен толғаулары, айтыстары да түгел сақталмаған.

Ақын өз руын, оның батырларын, жерлерін, тарихын мадақтап, қарсыласының руын сынап отыратын болған. Жамбыл өз айтыстарында үнемі жеңіске жетіп отырды, өйткені ол тек шындықты жырлады, әділетсіздік пен қатыгездікке қарсы тұрды (М.Әуезов, 1962:128).

Жамбылдың ұлылығы – тарихи дамудың күрделі кезеңдерінде халықтың мұң-мұқтажын түсініп, оны жырына қоса алуында. Оның поэзиясында, нақтырақ айтқанда, бүкіл ғасырдағы халықтың өмірі көрініс тапты. Жамбыл айтыс дәстүрін жаңартты

Ш.Айтматов: «ХХ ғасырдың аса әйгілі ақыны, шын мәнінде аты аңызға айналған замана жаршысының өткір де, асқақ үні – бір ғана қазақ емес, бүгінгі түркі тектес халықтар поэзиясының арсеналындағы ең озық игілік болып отыр» – дейді (Садырбайұлы, 1996:54).

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы Сейіт Қасқабасов: «Жамбыл – айтыстың үздік шебері. Оның ұлы ақындық дарыны дәл осы айтыста айқын көрінді. Жамбыл Жабаев үлкен поэтикалық сайыста жеңіске жету үшін қажетті көркемдік ойлау қабілетімен қасиетті сөздердің суретшісі екеніндігін көрсете алды. Ол айтысқа жаңа идеялар мен тақырыптарды, үйреншікті емес тәсілдер мен бірегей аргументтерді енгізді. Нағыз кәсіби ақын ретінде табиғат пен жыл мезгілдері, поэзия мен өнер, ақындар мен әртістер туралы да өлеңдер жазды» (С.Қасқабасов, 2009:31), – деген пікір білдірген.

Жамбыл Жабаев шығармашылығына Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов те тәнті болды. 1939 жылы Жамбыл Жабаевтың әндері мен поэмалары беларусь тіліне аударылған. Оған Янк Купал мен Якуб Коластың шығармалары арналды. Атақты орыс фольклоршысы Виктор Гацак Жамбылды эпикалық әнші деп атайды.

«Жамбыл біздің заманымызға дейін ғасырлар бойы қалыптасқан сөз өнерінің інжу-маржанын жеткізді. Жамбыл тұлғасында айтыстың жаңа жанрлық мүмкіндіктерін ашқан суырып салма ақын ғана емес, сонымен қатар өзінің эпикалық репертуарына қазақтардың ғана емес, бүкіл әлемнің игілігін сіңірген талантты жыршы да бар. Ол – барлық өмірлік және қоғамдық құбылыстарды халық идеясының биіктігінен бағалайтын ұлы жырау болатын. Егер Жамбылдың поэтикалық образын, өрнектерін, оның шығармаларының лексикасын талдайтын болсақ, онда олар толғаудан аз ерекшеленеді.

Оларға жоғары поэтика, дәуірдің маңызды оқиғаларына баса назар аудару және өткеннің барлығын халықтың үміттері мен ұмтылыстары тұрғысынан бағалау тән» (Р.Бердібай, 1997:230), – деп академик, филология ғылымдарының докторы Рахманқұл Бердібай тұжырымдайды.

Шын мәнісінде, Жамбыл – түркі поэзиясының алыбы болды, бүкіл түркі халқы поэзиясының, соның ішінде қазақ поэзиясының шоқтығын биікке көтерді. Жамбылдың поэзиясы халықтың өмірімен тығыз байланысты (С.Қирабаев, 2016:9).

Ақынның революцияға дейінгі шығармашылығы қазақ еңбекшілерінің ойлары мен армандарын, олардың ауыр өмірлері мен езгіге қарсы күрестерін бейнелеген. Кеңес заманында ақынның шығармашылығы танымалдыққа ие болды. Ақын терең патриотизмге толы өлеңдер жазды (Мырхалыков, 2016:12).

Жамбыл ақынның шығармашылығы қазақ халқының қоғамдық әдеби өмірінің ұзақ және бай кезеңін қамтиды.

**Жамбыл Жабаев** шығармашылығының көркемдігі, өлеңдеріндегі патриотизм қазақ әдебиетінде бүгінге дейін зерттеліп келе жатыр. Дегенмен ақын шығармашылығындағы мифологиялық сарын толық ашыла қоймады. Жамбыл ақынның мифтік бейнелерді жиі қолдануы, халықтың арман-мақсатын толық түсіне білуі, тарихын бағамдай алғандығының көрінісі деп есептейміз. Өйткені, **миф** – бұл қарапайым қоғамда пайда болған құдайлар, рухтар, құдайшыл батырлар мен ата-бабалар туралы әңгіме. Мифтерде діннің, философияның, ғылымның және өнердің алғашқы элементтері өзара байланысты. Өр халықтың мифтеріндегі тақырыптары мен сарындары бір-бірімен ұқсас.

**Миф** — адамзаттың рухани мәдениетінің алғашқы сатысы, сондықтан қазақ мифологиясын меңгеру қазақ психологиясындағы, әдет-ғұрпындағы, мәдениеті мен әдебиетіндегі, тарихындағы әлі күнге шейін түсініксіз, ақтаңдақ болып отырған тұстарына түгел болмаса да белгілі мөлшерде жаңаша қарауға көмектесе алады (Еремина, 1978:3).

Жамбыл Жабаев шығармашылығында теогоникалық, космологиялық, этиологиялық миф түрлері жиі кездеседі. Мифтік бейнелер ауыз әдебиетімен қатар өмір сүреді және бүкіл табиғаттың аңғалдық ізгілігімен сипатталады. Қарапайым қоғамда мифтер – бұл өзіндік логикаға негізделген әлемді білудің негізгі тәсілі, яғни, бөлінбеу, тақырып пен объектінің, зат

пен белгінің, болмыстың және оның есімінің сәйкестігі. Жамбыл Жабаев шығармаларындағы осындай мифтік бейнелер поэтикалық түстерінің байлығы, салыстырулар мен метафоралынып келуімен ерекшеленіп, халық арасындағы мифологиялық сананы тереңдетіп отырды.

**Мифологиялық сананың** ерекшелігі – түрлі құбылыстардың арасындағы қиял байланысын орнату. Мифологиялық ойлау элементтері қазіргі халық санасында да сақталған. Мифтер бейнелі мағынада жалған, сыни емес, сананың, тұжырымдамалардың, идеялардың шындығынан ажыратылған (Тойшанұлы, 2009:192).

### Материалдары және әдістер

Ақын шығармашылығының негізгі сипаты – мағыналық тұтастығы. Ақын шығармашылығының құрылымын тұтастай алғанда, бір ғана мазмұнға ие, өзара логикалық және грамматикалық байланыстағы әр түрлі тілдік бірліктерден құралған көп деңгейлі құрылым деп тануға болады.

Концептуалды ақпаратта ақынның дүние танымдық көзқарастарының берілуі, шығарманың негізгі идеясы мен автордың негізгі ойларының беріледі. Ақпараттың бұл түрі автордың ниетін танытады, әлем бейнесін автордың қабылдауы бойынша бейнелейді.

Көркем мәтін астары ақпараттарында сөз арқылы берілмейді, тек байыпталады. Бұл ақпарат сөздердің, сөз тіркестерінің өзіне ойды жасырып тұру қасиеті арқасында танылады. Құрылымы мен мағынасы, тақырыбы мен ақпаратты жеткізу тұрғысынан идеялық-көркемдік мазмұнға ұйымдасқан, логикалық, баға-лауыштық, экспрессиялы, эмоционалды мән иеленген тілдік бірлікті көркем мәтін деп айқындай аламыз.

Шығармадағы мифологиялық бейненің табиғатын түсіндіру әлемнің жеке авторлық бейнесін ашуға мүмкіндік береді. Шынында да, ақын әлемнің алуан түрлілігін бейнелі түрде бейнелеу және көркемдік-бейнелеу құралдары мен әдістерінің ерекше бай жиынтығын қолдану арқылы шығарманың тілдік шындықтарында өзін көрсетеді, бұл шын мәнінде автордың қатысуын білдіру тәсілі болып табылады. Баяндау ерекшеліктері, мәтін құрылымындағы барлық субъект-объектілік қатынастардың өзіндік байланыстары мифтік образдардың белгілі бір түрлерін олардың факультативті немесе ассоциативті мағыналары арқылы қалыптастырады. Бұл жер-

де ақын әлемінің лингвистикалық, психикалық және тұжырымдамалық көріністерінің компоненттері болып табылады. Демек, Жамбылдың өз шығармаларындағы ұстанымын және ол қолданатын мифологиялық бейнелеу формаларының рөлін анықтайтын механизмдерді табу маңызды болады.

### Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Мақаламызда ақын шығармашылығындағы зұлым мифтік бейнелерді топтастырдық. Шығармалардағы мифологиялық сарын осындай мифтік бейнелер арқылы берілген. Оның бірі – халық арасында бүгінге дейін кеңінен қолданылып келе жатқан «Айдаһар» бейнесі.

«*Айдаһар*» сөзі ежелгі иран сөзі. Бұл сөз қазақ халқының ертегілік-мифтік дәстүрінде зұлымдықтың символы – құбыжық ретінде сипатталады. Бұл образдың мифтік болмысын түсіндіру үшін «айдаһар» сөзіне негізделген иран мифтік образы мен осындай құбыжықтың ежелгі түркілік образы деген екі мәселені қарастырамыз.

Айдаһардың ертегілердегі кең қолданылатын сюжеті ел адамдарын ұрлап, жеп тұруы болса, осы сюжет Жамбылдың «Сарыбайдың баласы Қисыбайға айтқан сөздерінде» кездеседі:

Көрдім талай байларды,  
Халықтың бағын байлаған.  
*Айдаһардай* айбарлы,  
Елді сорып жайлаған (Жабаев, 2014:34) –

деп байларды айдаһарға теңеу арқылы қарапайым халықтың мұңы – «байлар байлаған бақ» екендігін жеткізеді. Ақынның мифологиялық сарынға толы өлеңінің бірі – «Ленинградтық өренім». Мұнда «айдаһар» бейнесін ақын былай көрсетеді:

Сап-сап болып қол барар,  
Қорғап сені ол қалар.  
Қатты майдан алда бар,  
Жанышталар *айдаһар* (Жабаев, 2014:114)

Өлеңдегі фольклорлық айдаһар бейнесі ортағасырдағы араб-парсы ертегілік және эпикалық дәстүріндегі ықпалға түскен және солардың сипаттарына сәйкес қалыптасқан.

Жоғарыда көрсетілген ақын өлеңдеріне ортақ үндестік бар. Бұл үндестік – жау мәселесі. Ақын үшін өз халқының қамын ойламағаны да немесе сырттан шапқаны да – айдаһар кей-

пінде. Бұдан ақынның халық жанын түсінер қарапайымдылығы мен әділдігін аңғаруға болады.

Айдаһар мифтік ғаламда жылан образымен шендестірілген, олар бірінің орнына бірі қолданыла береді. *Жылан* мен *айдаһар* синоним ретінде түсіндіріледі.

Хан-төрелералдаса,  
Би-болыстар арбаса,  
Шаққыш *жылан* уытты,  
Халықта шыр қалмаса.  
Құнарсыз дала, қаралы ел,  
Күніренген, зарланған.  
Қанын сорған жыланнан,  
Ғасырлар арыла алмаған (Жабаев, 2014:61), –

деген жолдардан ақынның да екі мифтік образды бір мақсатта қолданғанын байқаймыз. Дегенмен, ақын ұғымында жыланға – қулық, созылыңқылық тән. Оны ақынның «Өмір жырындағы»:

Есімде ескі ертегі аңыз қылған,  
Улы өмір *жылынына* шағылдырған,  
Үскірік есіп тағдыр қара желі  
Өкпемді қарып аяз қабындырған (Жабаев, 2014:76), –

жолдарынан аңғаруға болады.

Ақын «аяз», «қара жел» келуін «жыланның уының» әсері деп есептейді.

«Қанын сорған жыланнан, Ғасырлар арыла алмаған»- деген жолдарда да осы созылыңқы мән бар. «Құнарсыз дала», «қаралы ел» – уыттың салдарынан деп есептейді. Осы «Өмір жыры» өлеңінің шарықтау шегі:

Ысқырып өрмелеген тау мен тастан,  
Мен көргем *абжыланды* сұры қашқан,  
Жүректің оттан ыстық тәтті жырын,  
Өршігіп сөндіруге тасқын тасқан (Жабаев, 2014:77), –

деген тармақтардан құралған. Ақын үнемі ойлағанын іске асырып отыратын мифтік образды басқа кейіпте сипаттайды. «Сұры қашқан абжыланды көрдім» дегені – ақынның қазіргісі баяндап отырғаны деп түсінеміз. Ал, жоғарыдағы «жылан» бейнелері – «есімде ескі ертегі» деп басталған тармақтардың жалғасы, яғни, өткен күндерді баяндауы. Ақынның «Өмір жырындағы» мағыналық тұтастық – образдардың әрекеттері арқылы ұтымды бейнеленген.

Ақынның стилін, ақындық шеберлігін танытатын шығармасы – «Өлім мен өмір белдесті». Бұл шығармасында мифтік «*жалмауыз*» бейнесі – соғыс әскерінің символы.

Сөзіңнен түгел түсіндім:  
Жалмауыз жаудың пішінін,  
Құбыжық түсті арамның!  
Ел-елге салған тұмсығын (Жабаев, 1982:104), –

дейді. Жалмауыз көбінесе кемпір кейпінде суреттелетін зұлым образ. Ол – қазақ мифологиясында зұлымдықтың бас келбеті болып табылады. Екі мифтік тұлға мыстан кемпір мен зұлым құбыжық — жалмауыз бейнелері мидай араласып кеткен. Мыстан кемпір мен зұлым құбыжық тұлғалары мифтік «жалмауыз» образдарын аралас қамтиды. Ақынның «Ел-елге салған тұмсығын» деген жолдарындағы «тұмсық» – құбыжыққа да, мыстан кемпірге де тән. Ал, ақынның бұл өлеңі соғыс әсерін халыққа жеткізуге бағытталған. Ауыз әдебиетімен сусындап келген халық үшін мұндай образдардың қолданылуы оларға әсер етері сөзсіз және ақын оны ұтымды пайдалана алған.

«Лининградттық өренім» өлеңінде:  
Естерінен адасып,  
Жолына үйіп өлгенін.  
Жеті басты жалмауыз,  
Жайыпты қан шеңгелін (Жабаев, 2014:111), –

деген тармақтардан жеті басты жалмауыздың мыстанның, жалмауыз кемпірдің түрінде ғана емес, жезтырнақ пен дәу, дию сияқты мифтік кейіпкерлерге іс-әрекетімен ұқсас екендігін байқаймыз. Өйткені, «Жолына үйіп өлгенін», «Жайыпты қан шеңгелін» деген жолдар ертегілік «Дәу» бейнесіне көбірек жақын. Сондықтан «жалмауыз» атауы жеке мифтік образ емес, қорқынышты, зұлым образдардың жалпылама атауы болған деп шамалауға болады.

Жамбылдың Досмағамбетпен айтысында:  
Молда емес, ол *әзәзіл*,  
Сүйкімсіз, жұртқа *жек* болса,  
Сол Қожақан болысын  
Меккеге барды қажы боп,  
Боза, арақ ішкен соң,  
Айтады несін қажы деп (Жабаев, 2014:185), –

деген жолдар кездеседі. Бұл жердегі «жек» әзәзілмен қатар қолданылып тұр.

Қазақ мифологиясының жаман сипаттағы «Жек» сөзінің «Жек көру» деген сөз тіркестерінен басқа бейнелері жайында дерек жоқ. Түркілердегі «йек», «аз иек» – «шайтан» ұғымымен, қазақ тілінде «жегі» – «жегідей жеу, жегі құрт» тіркестеріндегі белгісіз образдармен байланысты.

Жамбыл Құлманбетпен айтысында:  
Өтеген, Қазбекке барайын.  
Сол жерде жатып, өтендеп,  
Атамыз қылған мекендеп,  
Ыбырайымның алты ұлы,  
Алтауы да *арыстан*,  
Дұшпанын табанына жанышқан (Жабаев, 2014:155), –

деп тарихындағы ерлердің жорық тарихын, олардың қасиеттерін «арыстан» мифтік бейнесі арқылы берген. Ақын «дұшпанын табанынан жанышқан» деп олардың ерлігін дәріптейді.

Ақын Досмағамбетпен айтысында:  
*Арыстандай* ақырып,  
Шығайын енді айтысқа (Жабаев, 2014:170),  
– деп, өзін арыстанға теңеу арқылы арыстанның айбатын оң қырынан көрсетсе, бірде:

Айға шапқан *арыстан*,  
Ерегісіп алыстан,  
Ашулы және ызалы.  
Аш-жалаңаш күйзелген,  
Хан аямас қараны (Жабаев, 2014:199), –

арыстан бейнесінің іс-әрекеті арқылы зұлымдығын, яғни, ханның образын ашуға пайдаланды. Бұл – ақынның ақындық шеберлігі.

Ежелгі Арыстан немесе Арсылан – жан – күнтекті кейіпкер, мифтік эпостық жауынгер қауымының көсемі, жауынгер пір екендігі оның есімінен көрінеді.

## Қорытынды

Қорыта келгенде, Жамбыл – біздің ата-бабаларымыздан келе жатқан ауызша, импровизаторлық, жыраулық жырдың соңғы тұяғы. Оның жырларындағы әрбір образ – ауыз әдебиетіміздің қайнары, халық арманы мен қиялынан туған ортақ мүдде. Сол себепті, оның әр шығармасын тереңінен зерттеп, әрбір құбылысқа мән беріп отыруымыз қажет. Жамбыл жырларындағы мифологиялық сарында тәуелсіздік идеясы, адамгершілік, ар-ождан мәселелері, халықтың байырғы өнегесі сақталған.

Жамбыл шығармашылығындағы шартты-символдық поэтиканың жоғарыда аталған элементтері авторлық тұжырымдаманың ерекшеліктерімен, олардың ұлы ата-бабалары әлемінің мифологиялық және фольклорлық бейнесіне оралатын әлеуметтік және моральдық-философиялық мәселелерді қоюдағы жеке көзқараспен байланысты деп айтуға болады.



Әдебиеттер

- Әуезов М. Шығармаларының он екі томдық жинағы. Алматы, 1962. 11-том.  
 Бердібаев Р. Эпос мұрасы. – «Білім». – Алматы, 1997. – 230 б.  
 Блюменберг Х. Работа над мифом. – Англия: «MIT Press», 1990. – 685 с.  
 Еремина В.И. Миф и народная песня // Миф – фольклор – литератур. Наука, 1978. – С. 3-15  
 Жабаев Ж. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы Press.kz», 2014. – 288 б.  
 Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1982  
 Қасқабасов С. Ойөріс. Астана, 2009  
 Қирабаев С. Жамбылды жаңаша табу // Егемен Қазақстан. – 6.02.2016. – 9 б.  
 Мырхалыков Ж. Асқар таудай жыр алыбы // Егемен Қазақстан. – 24.02.2016. – 12 б.  
 Малиновский Б. Магия, наука и религия // Магический кристалл: Магия глазами ученых и чародеев. – Москва: «Республика» 1992. – С. 32-127.  
 Merkur D. Psychoanalytic approaches to myth. Freud and the Freudians. –London: «Rutledge», 2005. – 248 p.  
 Мелетинский Е. Поэтика мифа. – Москва: «Восточная литература», 2000. – 407 с.  
 Новалис Г. Ученики в Саисе. «Евразия», 1995. – 239 с.  
 Лосев А. Диалектика мифа. – Москва: «Мысль», 2001. – 558 с.  
 Садырбайұлы С. Фольклор және Жамбыл. – Алматы: Ана тілі, 1996.  
 Шлегель Ф. Эстетика. Философия. Критика. – Москва: «Искусство», 1983. – 479 с.  
 Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы: Монография. – Алматы: «Баспалар үйі», 2009. – 192 б.  
 Руднев В. Неомифологическое сознание. Москва: «Аграф», 1997. – 384 с.  
 Raglan F. The study of tradition, myth and drama. – New York: «Vintage Books», 1956. – 294 с.  
 Frye N. Anatomy of Criticism. New Jersey: «Princeton University Press», 1990. –180 с.

References

- Auezov M. (1962) Shygarmalarynyn on eki tomdyk zhinagy [A twelve-volume collection of his works]. – Almaty. – 11-tom. (in Kazakh).  
 Berdibaev R. (1997) Epos murasy [Epic legacy]. – Almaty: «Bilim». – 230 b. (in Kazakh).  
 Blumenberg H. (1990) Rabota nad mifom. [Work on Myth, trans. Robert Wallace]. England: «MIT Press». – 685 s. (in English).  
 Eremina V.I. (1978) Mif i narodnaya pesnya [Myth and folk song] // Mif – fol'klor – literatur. – Nauka. – 3-15 s. (in Russian).  
 Kaskabasov S. (2009) Ojoris. – Astana. (in Kazakh).  
 Kirabaev S. (2016) Zhambyldy zhanasha tabu // Egemem Kazakstan: 6.02. – 9 b. (in Kazakh).  
 Myrhal'ykov Zh. (2016) Askar taudai zhyr alyby // Egemem Kazakstan: 24.02. – 12 b. (in Kazakh).  
 Malinovskii B. (1992) Magiia, nauka i religiia // Magicheskii kristall: Magiia glazami uchenykh i charodeev. [Magic, science and religion // Magic crystal: Magic through the eyes of scientists and sorcerers]. Moskva: «Respublika» – ss. 32-127. (in Russian).  
 Merkur D. (1992) Psikhоanaliticheskie podkhody k mifu. Freid i freidisty. [Psychoanalytic Approaches to Myth. Freud and the Freudians]. London: «Routledge» – 248 с.  
 Meletinsky E. (2000) Poetica mifa [The Poetics of Myth]. – Moscow: « Vostochnaya literatura». – 407 s. (in Russian).  
 Novalis G. (1995) Ucheniki v Saise [Students in Sais]. « Evraziya». – 239 s. (in Russian).  
 Losev A. (2001) Dialektika mifa [Dialectics of myth]. – Moscow: « Mysl'». – 558 s. (in Russian).  
 Sadyrbajuly S. (1996) Folklor zhane Zhambyl [Folklore and Zhambyl]. – Almaty: Ana tili. (in Kazakh).  
 Schlegel F. (1983) Estetika. Filosofiya. Kritika [Aesthetics. Philosophy. Criticism]. – Moscow: « Iskusstvo». – 479 s. (in Russian).  
 Toishanuly A. (2009) Turik-mongol mifologiyasy [Turkic-Mongolian mythology]. Monografiya. – Almaty: «Baspalar uyi». – 192 b. (in Kazakh).  
 Zhabaev Zh. (2014) Shygarmalary. – Almaty: «Nurly Press.kz». – 288 b. (in Kazakh).  
 Zhabaev Zh. (1982) Eki tomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of works in two volumes]. – Almaty. (in Kazakh).  
 Rudnev V. (1997) Neomifologicheskoe soznanie. [Neomythological consciousness]. Moscow: «Agraf». – 384 s. (in Russian).  
 Raglan F. (1956) Issledovanie traditsii, mifa i dramy. [The Hero: A Study in Tradition, Myth and Drama]. New York: «Vintage books». – 294 p.  
 Frye N. (1990) Anatomii kritiki. [Anatomy of Criticism]. New Jersey: «Princeton University Press». – 180 p.